



Жас Кемеңгер

КЕЛЕШЕКТІҢ КЕМЕҢГЕРЛЕРІ



– Аматава Гүлмира Нұртайқызының басшылығындағы «Жас Кемеңгер» Білім беру академиясы. 2010 жылы балаларды дамыту орталығы ретінде шаңырағын көтерген мектепке дейінгі білім беру орталығы, уақыт өте келе қанатын кеңге жайып, өсіп-өркендеп білім беру академиясына айналды.

«Жас Кемеңгердің» ерекшелігі – мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бірегей жоба – бүлдіршіндерге ана тілінде білім беруге бағытталған әдістемелік тұжырымдама ұсынуы. Әдістемелік бағдарлама білім беру орталығы ұжымының 4 жыл бойы жинақтаған материалдары негізінде жазылған. Бірегей жоба болуының тағы бір себебі – әдістемелік бағдарлама еліміздің тілі мен діліне, ұлттық мәдениеті мен дәстүріне сай етіп өңделген. Бағдарламаны жазушылар «Балапан», «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Мен мектепке барамын» сияқты республикамыздың мектепке дейінгі білім беру стандарттарына негізделіп жазылған, сонымен қатар, шетелдік мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуге арналған жаңашыл бағдарламаларға сүйенген.

Бағдарламаны жазуға себепші болған және әдістеме авторларының жанын күйзелткені бүлдіршіндерімізді ана тілінде оқып-үйретуде мектепке дейінгі білім беруге арналған материалдық

б а з а н ы ң жеткіліксіз болуы. Осыған орай, білікті авторлар ұжымы шетелдік оқу-құралдарды зерттеп, қажет материалдарды аударып, тілімізге ғана емес, баланың жасына, түсінігіне сай етіп өңдеген. Аянбай істелген жұмыстың нәтижесі – мектеп жасына дейінгі балаларға білім беруге арналған кешенді дидактикалық әдістемелік бағдарлама.

Әдістемелік бағдарлама сабақ жоспарларынан, күнтізбелік жоспарлардан және жұмыс дәптерлерінен тұрады. Осының арқасында оқытушы бекітілген кестеге сай, бір жыл бойы сабақ өткізу мүмкіндігіне ие болады.

Бағдарламаның құрылымы 1 жас пен 6 жас аралығындағы балалардың жас ерекшелігіне орай: «Ана және Сәби» тобы, «Сәби тобы», «Орта топ», «Ересек топ» және «Мектепке даярлық» топтарынан тұрады. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған «Тіл дамыту», «Математика», «Логика», «Көркем әдебиет», «Әңкіуі», «Ағылшын тілі», «Шығармашылық», «Көркем жазу», «Ата дәстүрі», «Айналамен танысу», «Сауат ашу» сабақтары қамтылып, «Ана және Сәби» тобында музыкалық дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, қарапайым математикалық түсініктермен таныстыру, саусақ жаттығуы, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру қарастырылған. Сабақтардың барлығы баланың жылдам меңгеруі үшін әрі баланың қызығушылығын ояту үшін ойын түрінде құрастырылған. Мысалы, «Ата дәстүрі» сабағы балаларды халқымыздың ұлттық дәстүрлерімен таныстыру мақсатында ойлап табылған. Сабақта «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Сүндет той» сияқты дәстүрлерді көбіне көрініс етіп қою, сондай-ақ «Сақина салу», «Тақия тастамақ», «Соқыр теке» ойындарын сергіту сәті ретінде ойнату ұсынылады. «Айналамен танысу» сабағы табиғатқа мәдени серуендер жасауды қамтиды.

«Жас Кемеңгер» Білім беру академиясының негізін салушы және жоба директоры Гүлмира Нұртайқызының мақсаты – еліміз бойынша франчайзинг негізінде білім беру орталықтарының желісін құру. Гүлмира авторлық бірегей әдістемелік бағдарламаны франшиза ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына ұсынып отыр. Болашақ франчайзи компанияларымен, яғни серіктестерімен тиімді әрі табысты ынтымақтастық құруды жоспарлауда. Жоба арқылы, келешекте тек балаларды

оқытып қана қоймай, сонымен қатар, балаларды мектепке дайындайтын ұстаздарды даярлауды жүзеге асырғысы келеді.

Жоба 2012 жылы Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің технологиялық даму бойынша ұлттық агенттігінің бизнес-инкубаторлау бағдарламасына қатысқан. Сонымен бірге, әдістемелік бағдарламаның дамуына ақпараттық көмек көрсетіп отырған ұйымның бірі – Қазақстан франчайзинг қауымдастығы.

Әдістемелік бағдарлама бойынша білім алған 7 жасқа дейінгі бүлдіршіндер мектеп табалдырғын аттамай тұрып-ақ қоршаған ортаға тез бейімделу қабілетіне ие болумен қатар, ақпаратты жылдам қабылдап, болашақта саналы білім алуға бейімделіп шығуда. Бағдарламаны жүзеге асырудағы негізгі талап – бағдарламаны жоспарға сай жүргізу және тәрбиешілер мен оқытушылардың баланы оқытуға ниеті мен тілегінің жоғары болуы.

«Жас Кемеңгер» Білім беру академиясы еліміздің білім беру саласы бойынша өтіп жатқан конференциялар мен көрме-байқаулардың белсенді қатысушысы. Білім орталығының қоржынындағы соңғы жетістіктің бірі – Астана қаласының көсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы ұйымдастырған көрме-байқауда «Шағын кәсіпкерлік саласындағы жетістіктері үшін» берілген алғыс хат, «XXI ғасырдағы білім және ғылым» атты халықаралық көрмесінде табысталған диплом.

Еліміздің даму үрдістерінің маңызды саласы – білім беру жүйесіне Гүлмира Нұртайқызының қосар үлесі мол. Болашақтан күтер үміті – қарақөз бүлдіршіндеріміздің, жас кемеңгерлеріміздің көкірегі ояу, көзі ашық азамат болып өсуі. Олай болса, «Жас Кемеңгер» деген тың бастаманың басшыларына өрісін кеңге жайып өркендеп-өрлеуіне, биік шыңдарды бағындыруына тілектеспіз.

